


Конституциялық құқықтары мен міндеттері



- 1. Қазақ АКСР Конституциясы 1926 жыл
- 2. Қазақ КСР Конституциясы 1937 жыл
- 3. Қазақ КСР Конституциясы 1978 жыл
- 4. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1993 жыл
- 5. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жыл
Конституция құрылымы
Өзгертулер мен түзетулер
1998 жыл жасалды.

Конституциялық құқықтың қайнар көздері,
ұғымы және оның түрлері

Қоғамдық құбылыс ретінде құқықтың ішкі және сыртқы түрі болады. Құқықтың ішкі пішіні — оның мазмұнын құрайтын бөлшектердің құрылымы мен жүйесі. Құқықтың сыртқы пішіні — құқықтық тәртіп ережелері арқылы бекітілетін заңдық қайнар көздердің жиынтығы. Құқықтық нормалардың жиынтығын құқықтық қайнар көздері деген ұғымға жинақтауға болады. Құқық тек мемлекеттік органдардың іс-әрекетінің нәтижесінде пайда болады.

- Конституция;
- конституциялық заңдар;
- әдеттегі заңдар (жай заңдар);
- президенттің нормативті жарлықтары;
- үкімет қаулылары;
- қоғамның негізгі құрылымын, мемлекеттік билік ұйымдарының ұйымдастырылуын реттейтін басқа да құқықтық-нормативтік актілер Қазақстан Республикасы конституциялық құқығының кайнар көзі болып табылады.

Көрсетілген актілердің
әрқайсысының нақты заңдық күші,
оны қабылдаудың (өзгерістер
енгізудің), жариялаудың, күшін
жоюдың тәртібі болады. Аталған
мәселелердің барлығы Қазақстан
Республикасының "Нормативті
құқықтық актілер туралы"
Заңында толық қарастырылған

Конституцияның ең жоғары заңдық күші болады және Қазақстан Республикасының барлық аумағына тікелей ықпал етеді. Бұл құқықтың басқа барлық қайнар көздері Конституция негізінде жасалатындығын және оған қайшы келмеуі қажет дегенді білдіреді. Конституцияның нормалары кез келген басқа актіні қабылдауынсыз қолданылады. Кез келген азамат өзінің құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін Конституцияны, оның нормаларын мемлекеттік органдар мен сотқа шағымдану арқылы қолдана алады.

Конституцияның нормалары мемлекет пен қоғам өмірінің барлық: саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени аяларына ықпал етеді. Олар қоғамдық қатынастардың басты жақтарын реттейді.

Конституция тек конституциялық құқықтың ғана қайнар көзі емес, сонымен қатар басқа құқық салаларының да қайнар көзі болып табылады.

Конституцияға өзгертулер мен толықтырулар енгізудің ерекше тәртібі бекітілген.

Қазақстан Республикасының Конституциясы — Қазақстан Республикасының Ата Заңы. Ағымдағы Конституция 1995 жылы 30 тамыз күні жалпыхалықтық Референдум негізінде қабылданды және 5 қыркүйек күні өз күшіне енді. Конституция 9 тараудан, 98 баптан тұрады



Конституция құрылымы

I бөлім. Жалпы ережелер

II бөлім. Адам және азамат

III бөлім. Президент

IV бөлім. Парламент

V бөлім. Үкімет

VI бөлім. Конституциялық кеңес

VII бөлім. Соттар және сот төрелігі

VIII бөлім. Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару

IX Бөлім. Қорытынды және өтпелі ережелер

Конституция, Ата Заң

(латынның лат. constitutio — яғни «құрылым» сөзінен шыққан) — Мемлекеттің негізгі заңы, елдегі барлық басқа заңдарға қатысты жоғары заңды күшке ие заң немесе заңдар тобы.

Ата-бабамыз аңсаған егемендікке қол жеткізуіміздің арқасында осыдан он сегіз жыл бұрын тәуелсіз Қазақстанның жаңа тұрпаттағы Ата Заңы қабылданды. Бодандықтың қамыты біржолата сыпырылды. Азаттықты армандаған қазақстандықтар Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың сара саясатын қызу қолдай отырып, демократиялық даму жолын таңдады. Еліміздің мәдени, қоғамдық, саяси өмірінде ғасыр жүгін арқалайтын ұлы өзгерістер мен тың бастамалар жүзеге асырыла бастады. Егеменді Қазақстанның тәуелсіздігін әлемнің жүзден астам мемлекеті мойындап, тығыз әріптестік қатынастар орнатылды